ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 19 тамыз №4360-25-00-2/1476 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші - судья С. Умарсирикова,
Г. Таженованың хатшылығымен,
мобильді бейнебайланыс құрылғысы арқылы ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Арал ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Арман асуы» қоғамдық қоры

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАН:
прокурор Л. Сырбайқызы
талап қоюшының өкілі А. Такенов
жауапкердің өкілдері Ә. Әлібек, С. Байдильдаев, Н. Байменов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 26 наурызда талап қоюшы «Арал ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекеме (бұдан әрі-Бөлім) /Тапсырыс беруші/ мен жауапкер «Арман асуы» қоғамдық қоры (бұдан әрі-«Арман асуы» ҚҚ) /Өнім беруші/ №35 көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартын (бұдан әрі - Шарт) жасаған.

Шарттың 2.1-тармағына және қосымшаларға сәйкес, жауапкер жалпы сомасы 5 390 955 теңгеге қызметтер бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру аясында (атаулы даталар, қарттар мен мүмкіндігі шектеулі жандарды қамқорлыққа алу шаралары) іс-шараларды ұйымдастыру/өткізуді міндеттелген.

Шарттың 8.1-тармағына сәйкес Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркелгеннен кейін күннен бастап күшін еенеді және 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады. Шарт қазынашылықта 2025 жылғы 27 наурызда тіркелген.

Жауапкер көзделген техникалық ерекшілігінде жыл көлемінде өткізілуі керек «1 маусым Халықаралық балаларды қорғау күні» мерекесіне орай аудан бойынша мүгедектігі бар балалардың және олардың ата-анасының қатысуымен болатын іс-шараға 30 мамыр күні болып бекітіліп, өнім берушіге алдын ала мемлекеттік веб портал арқылы 2025 жылғы 29 мамырында «Өнерлі отбасы» атты шығармашылық фестивалін өткізуді хабарланды. Техникалық ерекшелікке сай барлық сұранысты уақытылы орындау керек екендігін және жоспарлау іс-шаралардың өткізу тұжырымдамасын әзірлеу, іс-шара жоспарын, сценарийлік жоспарын, бағдарламасы мен ережесін, медиа-жоспарын, шығындар сметасын Тапсырыс берушімен келісу Жоба аясында шығарылатын барлық баспа өнімдерін (баннер, афиша, диплом, алғысхат т.б.) эскиздерін тапсырыс берушімен келісу ұйымдастыру кезеңі: іс-шаралар өту орынглдарын нақтылау, әлеуеттік желілерде және баспасөз беттерінде жарияланатын мақалалардың мәтіндерін дайындау және тапсырыс берушімен келіскен соң БАҚ-та жариялау Фото түсірілім жасалатын орындарлы. Шара ететін орындарды безендіру және іс-шара барсыны нақтылау (баннерден орналастыру, алдын ала репетиция жасау, дыбыстық сүйемелдеумен келісу) хабарлаған.

Аталған іс шара жобаның шығыстар сметасында 20.05.-01.06.2025 жыл болып бекітілген және техникалық ерекшелігінде «1 маусым Халықаралық балаларды қорғау күні» мерекесіне орай аудан бойынша мүгедектігі бар балалардың және олардың ата-анасының қатысуымен «Өнерлі отбасы» атты шығармашылық фестивалін өткізуге қатысатын 50 қатысушыға 5 000 теңге көлемінде сыйлықтар, мүгедектегі бар балаларды тәрбиелеп отырған 10 ата-анаға алғыс хаттар және 5 000 теңге көлемінде сыйлықтар тараты, үйден арнаулы әлеуметтік қызмет алушы 100 балаға 6850 теңгеден 685 000 теңгеден сыйлықтар үлестіру тиіс болғанын, алайда бұл іс шараны мүлдем орындамағанына байланысты мерекелік іс шараға берілетін сыйақылар мен марапаттау грамоталары жергілікті демеушілер көмегі арқасында өткізілген.

2025 жылғы 4 маусымда Тапсырыс беруші Өнім берушіге Шарт міндеттемесін орындамағандықтан мемлекеттік веб портал арқылы Шартты бұзу туралы хабарлаған. Бүгінгі танда Шарт бұзылған.

Осыған байланысты, талап қоюшы сотқа талабымен жүгініп, жауапкер Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерді тиісінше орындамағанын көрсетіп, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды және 28 445,73 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Жауапкер сотқа қарсы пікірін жолдап, онда талап қоюымен келіспейтінін, талап қоюшы Шарттың 2-қосымшасы болып табылмайтын талапты талап ету арқылы негізсіз сотқа жүгінгенін, Шарт жасасу барысында 2-қосымшаға жалғанып салынған Microsoft Excel құжаттағы материал, ешқандайда Шарттың 1-2 қосымшасы болып табылмайтыны, себебі, ол құжатта талап қоюшы тарапынан ресми шығысталған

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 25.08.2025

4360-25-3-1/1507

бұйрықпен рәсімделмеген немесе Шартқа жалғанған қосымша екенін растау құжаты ұсынылмағанын, Шарттың 3.1-тармағының 1) тармақшасының талабына сәйкес Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге, 3.2-тармағының 2) тармақшасының талабына сәйкес, Тапсырыс берушімен алдын ала орындау мерзімін келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Қызметті мерзімінен бұрын көрсетуге құқылы делінген. Осыған орай, бұл ретте Өнім берушінің Тапсырыс беруші белгіленген мерзімнен кешіктіріп жеткізу факторы орын алғанын және оның жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтерге кедергі келтіру болып табылатынын, талап қоюшы тарапынан жауапкермен Шарттың 3.2-тармағының 2) тармақшасының талабына сәйкес, Тапсырыс берушімен алдын ала орындау мерзімін келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Қызметті мерзімінен бұрын көрсетуге құқылы делінгенін, 2025 жылғы 29 мамырдағы №03-19/366 қызметтік хаттының мәтінінде Өзіңізге белгілі, келісім шарт бойынша 1-мауым Халықаралық балалар күніне орай іс-шара 20 мамыр – 1 маусым айы аралығында өткізіледі деп техникалық ерекшелікке белгіленген. Соған сәйкес, аталған іс-шара 2025 жылдың 30 мамыр күні сағат 10-00-де аудандық мәдениет үйінде өткізілетіндігін хабарлай отырып, барлық сұранысты уақытылы орындау керектігін хабарлайды деп көрсете отыра талап қоюшы қызметтік хатты aral-sobes@yandex.kz электронды e-mail поштасымен жолдаған. Алайда, Шарт аясында aral-sobes@yandex.kz электронды e-mail поштасымен хат алмасу жазылмағанын, талап қоюшымен сотқа дейінгі реттеу тәртібі сақталмастан, сотқа негізсіз талап қойылғанын, талап қоюшы өкілінің А. Такеновтың сенімхат ресми тіркеуде тұрған мекеменің фирмалық бланкасында жасалмағанын көрсетіп, талап қоюды қараусыз кері қайтаруды сұраған.

Сотта талап қоюшының өкілі және алғашқы сотта қатысқан бөлімінің басшысы Ғ. Тоғысова талап қою уәждерін қуаттап, қанағаттандыруды сұрады.

Сотта қатысқан жауапкердің өкілдері қарсы пікір уәждерін қолдап, талапты қанағаттандырусыз қалдыруды, талап қоюшыға жеке ұйғарым шығаруды сұраған.

Іске қатысушы прокурор талап қоюы қанағаттандыруға жатады деген қорытынды берді.

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 19 тамыздағы ұйғарымымен талаптың тұрақсыздық айыбын өндіру бөлігі бойынша сотқа дейін дауды реттеу тәртібін қолданылмағанына байланысты қараусыз қалдырылған.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодекстің (бұдан әрі - АК) 349-бабының 1-тармағына сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 25.08.2025

4360-25-3-1/1507

дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 8-бабының 4-тармағының 4) өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сот, тараптардың түсінігін және прокурордың қорытындысын тыңдап, азаматтық іс материалдарын зерттеп, дауды шешу үшін маңызды мән-жайларды анықтап, келесі қорытындыға келеді.

Іс құжаттарынан анықталғандай, жауапкер Шарт міндеттемесін тиісінше орындамаған, себебі жауапкер көзделген техникалық ерекшілігінде жыл көлемінде өткізілуі керек «1 маусым Халықаралық балаларды қорғау күні» мерекесіне орай аудан бойынша мүгедектігі бар балалардың және олардың ата-анасының қатысуымен болатын іс-шараға 30 мамыр күні болып бекітіліп, өнім берушіге алдын ала мемлекеттік веб портал арқылы 2025 жылғы 29 мамырында «Өнерлі отбасы» атты шығармашылық фестивалін өткізуді хабарлаған.

Шарттың техникалық ерекшелікке сәйкес жауапкер мерекелік іс-шараға алдын-ала дайындық жасауға тиіс болған. Аталған Шарт бойынша жауапкер мерекелі шара ері өткізген. Тиісінше жауапкер «1 маусым Халықаралық балаларды қорғау күні» мерекесін ұйымдастыру қажет екенің біле тұра ол іс шараны өткізу үшін ешқандай әрекетті жасамаған.

Сот, жауапкердің 2025 жылғы 29 мамырда кешке іс шараны өткізу үшін алып келген заттарының талап қоюшы қабылдаманы деген бейнежазбаны дәлелдеме ретінді қабылдамайды, себебі жеткізілген тауарлары тиісті құжаттармен рәсімделмеген.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі-АПК) 72-бабында әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс екені айқындалған.

Жауапкер талап қоюшыға 2025 жылғы 20 мамырдан бастап мерекелік іс-шараларын өткізу үшін ешқандай әрекет жасалмағандықтан, талап қоюшы демеушілер көмегі арқылы өткізген. Жауапкер бұл іс шараны талап қоюшымен ұйымдастырылғанын жоққа шығармады.

Одан бөлек Шарт бүгінгі танда бұзылған, бұл істегі Шартпен және оның қосымшаларымен, мемлекеттік сатып алу туралы веб портал арқылы хаттарымен т.б. құжаттармен дәлелденеді.

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 25.08.2025

4360-25-3-1/1507

Сотқа талап қоюшы талап қоюымен уақытылы, 2025 жылғы 5 маусымда жүгінген.

Осы анықталған жағдайда, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану талабы негізді, қанағаттандырылуға жатады деп тұжырымдайды.

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 966 теңге мемлекеттік баж өндірілуі тиіс.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Арал ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Арман асуы» қоғамдық қорына мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Арман асуы» қоғамдық қоры мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Арман асуы» қоғамдық қорыдан мемлекеттік пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік бажы өндірілсін.

Шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалармен өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына АПК-нің 403, 404-баптарының талаптары сақтала отырып, апелляциялық шағым беруі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья С. Умарсирикова

Көшірмесі дұрыс

Судья С. Умарсирикова

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 25.08.2025